

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ, ХРОМТАУ АУДАНЫ
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ХРОМТАУ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ №1 «КҮНШУАҚ»
БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ
КӘСІПОРЫНЫ


031100

Хромтау қаласы, Лахно көшесі 43

Факс: 8(71336) 23-7-36

Тел: 8(71336) 23-7-36

E-mail: Kunshuak2016@mail.ru



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ ЯСЛИ ДЕТСКИЙ
-САД №1 «КҮНШУАҚ» ГОСУДАРСТВЕННОГО
УЧРЕЖДЕНИЯ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ХРОМТАУСКОГО
РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

031100

г.Хромтау, ул.Лахно 43

Факс: 8(71336) 23-7-36

Тел: 8(71336) 23-7-36

E-mail: Kunshuak2016@mail.ru

Бұйрық
2026жылғы «02» 03
Хромтау қаласы

№ 11

Приказ
«02» 03 2026 года
г. Хромтау

«Балабақша қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру мен өткізу комиссиясын құру туралы»

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтар» негізінде және ММ «Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің» 03.02.2026 жылғы бекітілген жоспары негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2026 жылдың 02.03-13.03 аралығында «№1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасында өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылсын.

2. Өзін-өзі бағалау үшін төмендегі педагогтерінен ұйымдастыру және өткізу мақсатында комиссия құрамы жасақталсын, атқаратын қызметтері бөлініп берілсін:

- **Барикова Г.Ж.** - (балабақша меңгеруші): комиссия төрайымы.

- **Асанова Л.М.** – (балабақша әдіскері): комиссия мүшесі.

- **Орынбаева Э.Т.** - (кәсіподақ төрайымы): комиссия мүшесі.

- **Сәрсенбаева Г.З.** – (педагог-психолог): комиссия мүшесі.

- **Манаубаева Б.Ж.** (медбике): комиссия мүшесі.

3. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес 2026 жылдың 02 науырыз айынан бастап өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша комиссия мүшелеріне нақты тапсырмалар сәйкес бөлініп берілсін (қосымша-1). Өзін-өзі бағалау комиссиясының жұмыс жоспары бекітілсін (қосымша-2)

4. Өзін-өзі бағалау қорытындысы педагогикалық кеңес отырысында талданып, педагог қызметкерлердің назарына жеткізілсін.

5. Өзін – өзі бағалау жұмыстарын жүргізуде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсан № 12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» басшылыққа алынсын.

6. Өзін-өзі бағалау қорытындысы 2026 жылдың 01 сәуір күні кешіктірмей балабақша сайтына, интернет ресурстарында орнастырылсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жауапкершілігін мектеп балабақшасы меңгерушісі өзіме қалдырамын.

№1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы

МКҚК меңгерушісі:

Г.Ж Барикова

